

## **Ақмарал Жапахова**

Құрылыс саласы бойынша ғылыми зерттеу жүргізіп, сапалы маман даярлау жұмыстарына елеулі еңбек сіңірген педагогтардың бірі – аға оқытушы, техника ғылымдарының кандидаты Ақмарал Жапахова.

Ол Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 30 жылдан бері еңбек етіп келеді.

Ақмарал Өтешқызы – 7 оқу-әдістемелік құрал, 1 алдын ала патент, 1 авторлық куәлік, 1 оқу құралы және 50-ден астам ғылыми зерттеу мақаланың авторы. Сонымен қатар, «Scopus» базасына енген журналдарда кафедра ғалымдарымен бірлескен мақалалары жарық көрген.

Педагог 2 гранттық конкурстың жеңімпазы. Атап айтсақ, «ПҚҚР» АҚ-да мұнай қалдықтарына мониторинг жүргізу», «Жанармай және құрылыс материалдарын өңдеу кезінде мұнай қалдықтарын қолдану технологиясын зерттеу» жобаларын жүзеге асырды. Қазіргі таңда «Пайдаланылған мотор майларының қоспасы пластификаторын қолдану арқылы битумды байланыстырғыштарға негізделген жол төсемінің беріктік сипаттамаларын зерттеу» ғылыми бағыты бойынша жұмыс жүргізуде.

Ақмарал Өтешқызы бакалавр, магистратура, докторантура бойынша білім бағдарламаларының мазмұнын заман талабына сай жасақтауға үлес қосып келеді.

Қазіргі таңда 6В07390 – «Автомобиль жолдарын жобалау және салу» білім беру бағдарламасын әзірлеуде. Техникалық колледж ұстаздарына әдістемелік көмек көрсетуімен қатар оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына да жетекшілік етіп келеді.

Ол осы кезге дейін 7 магистр дайындап шығарды, қазіргі уақытта 2 магистрантқа жетекшілік жасайды.

Педагог Алматы қаласындағы Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы өткізген республикалық пәндік олимпиадаға студенттерді дайындағаны үшін академия ректорының Алғыс хатын иеленді.

Жастарға патриоттық тәрбие берудегі және ғылым саласына қосқан үлесі үшін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Құрмет грамотасымен марапатталған.